

отметить, что Казахстан за годы своей независимости добился определенного прогресса в развитии системы здравоохранения. Масштабная модернизация этой социальной сферы начала проводиться с 2005 года. Благодаря этим реформам в системе здравоохранения у каждого гражданина Республики Казахстан появилась возможность самостоятельного выбора медицинского учреждения, где он может вне зависимости от места проживания получать плановое лечение. Кроме этого, в стране внедрены новые формы управления и создана конкурентная среда для учреждений здравоохранения. Внедренные новшества способствовали повышению средней продолжительности жизни казахстанцев.

Вопросы здоровья нации одно из перспективных направлений развития социума. Главной целью вхождения в 30 самых конкурентоспособных стран мира является повышение благосостояния казахстанцев. Согласно проекту концепции внедрения обязательного социального медицинского страхования в Казахстане до 2030 года предлагается с 2017 года ввести обязательные отчисления работодателей за работающее население в рамках введения СМС. В реализации такого формата будет соблюден принцип солидарной ответственности, то есть государство в этом случае гарантирует обязательную бесплатную социальную медпомощь, работодатель в свою очередь оплачивает услуги, а гражданин получает ее. Государство же будет обеспечивать финансирование медицинской помощи для несовершеннолетних, многодетных матерей, пенсионеров, участников и инвалидов ВОВ, учащихся интернатных организаций, студентов-очников, безработных, беременных женщин и тех, кто находится в отпусках по уходу за ребенком до трех лет. По словам медиков, граждане, не осуществляющие страховые взносы, будут получать гарантированный объем бесплатной медицинской помощи, но на определенных условиях.

В 80-м шаге плана нации отмечается приоритетное финансирование первичной медико-санитарной помощи (ПМСП). Первичная помощь станет центральным звеном национального здравоохранения для предупреждения и ранней борьбы с заболеваниями.

Для повышения доступности и качества медицинских услуг в Республике Казахстан развивается частная медицина. В 81-м шаге программы Президента страны «100 конкретных шагов» говорится о развитии частной медицины, внедрении корпоративного управления в медучреждениях [1]. Корпоративное управление медицинскими организациями будет способствовать прозрачности услуг за счет конкуренции на основе финансирования первичной медико-социальной помощи в условиях социального медицинского страхования. В конечном счете, это обстоятельство должно улучшить качество лечения казахстанцев.

В плане нации «100 конкретных шагов» определены основные приоритеты развития системы здравоохранения Республики Казахстан. Для достижения, поставленных задач государство планирует улучшить жизнь каждого казахстанца, снизить заболеваемость и смертность, улучшить состояние здоровья населения, путем повышения квалификации специалистов для оказания качественной медицинской помощи.

Список литературы

1. План нации «Сто конкретных шагов» Президента Н.А. Назарбаева // Казахстанская правда. - 2015. - 20 мая.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ Т.РЫСҚҰЛОВ

Тәжіханов Ә.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Бейсенбекова Н.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Алаш зиялыларының арманы болған тәуелсіздіктің орнағанына 25 жыл тол-ды. Осы жолда қазақ халқынаң экономикасы, мәдениеті, оқу-ағарту саласында және автономия туралы өзіндік көзқарасы болған Т.Рысқұловтың еңбегі мол.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т.Рысқұловтың 20 жылдан астам уақытқа созылған саяси өмірі мен оның қарапайым халықтың мүддесі үшін жүргізген күресін және көрнекті қайраткердің тарихи және әдеби мұраларын зерттеудің қажеттілігі естен шығармағанымыз абзал. Тұрартанудың тарих-намасына көз жүгіртсек, оның мемлекеттік және қоғамдық қызметіне араласқан 4-5 жылы, Түркістан қазақ әжептәуір зерттелгенін байқаймыз. Т.Рысқұловтың ортамыздағы қызметіне байланысты зерттеу жұмысы өз зерттеушілерін күтуде.

Бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға, халықаралық дәрежедегі ірі қабілеткер Т.Рысқұлов өзінің қырық жылға жуық өмірінің жартысын халық мүддесі жолындағы күреске арнады. Осы күрес оны өз замандастарының арасынан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерді. Т.Рысқұлов 1922 жылдың 13 желтоқсанында құрылған мәдени ағартушылық бағыттағы «Талап» ұйымын құруға ат салысқан, Ә.Бөкейхановты себепсіз қамауға алған кезде де Т.Рысқұлов пен С.Қошанов И.В.Сталинге хат жазған болатын. Сол кезде ол қостаған түрлі бюролардың қызметін ашық сынап, халықтың мүддесін жоғары қол берді. Ол әрқайсысы өзінше бір бөлек әлем болып жататын орта азиялық мемлекеттердің, әсіресе, сол кездегі Түркістан республикасы мен Қазақстан республикасы, Орта Азияның батыс бөлігі мен орта бөлігінің бір-бірімен экономикалық қарым-қатынас орнатып, байланысқа түсуіне ықпал жасаған бірден-бір тұлға да Т.Рысқұлов. Ұлттық тұрғыда республикалар мен олардың алыс аймақтарының экономика, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау салаларының дамуына, минералдарды ашу мен пайдалану, университеттерді құру, Магнитогорск пен Кузнецк металлургия зауыттарын, Шымкент қорғасын зауыты, Сталиноград, Челябинск зауыттарын, Балқаш мыс қорыту зауыт-тарын, Қарағанды және Кузбасс көмір бассейндері секілді өнеркәсіп ошақтарын ашу мен дамытуға үлкен үлес қосқан. Сонымен қатар, ел экономикасын дамытудың ең тиімді тәсілдерін ұсынып, нарықтық қатынастарды енгізу, орта және жеңіл өнеркәсіпті дамыту, салықтық қаржылық операцияларды жүзеге асыру, акционерлік қоғам құру барысында іргелі жұмыстар жасады. Ол әркез өнер-кәсіптің барлық салаларын өнеркәсіптік жүйеге көшіру кереметтігін айтты. Қытайда көп жылдар бойы қолданып келген шаруашылық есептің төркіні Рыков пен Рысқұловтың экономикалық саясатында жатқанын біреу білсе біреу білмес. Бұл факты Т.Рысқұловтың тек саясаткер ғана емес, әлемдік дәрежедегі экономист екенін көрсетсе керек.

Кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде қазақ халқының мүддесі үшін күрескен азаматтың бүгінгі күнде аты ауызға алынбай кетті. Оның реформаторлық еңбегі әлі де болса өз бағасын алған жоқ. Тек қазақ халқы ғана емес бүкіл Орта Азия, Ресей Федерациясы, тіпті Еуразияның азаттық қозғалыстарының алдында Рысқұловтың еңбегі ерен.

Бүгінде кейбір тарихшылар мен филологтар қатысы жоқ деген пікірлер айтып жүр. Алашорда үкіметі мен Алаш партиясының маңызы көптеген пікір таластарға арқау болғаны белгілі. Осы арада көптеген қоғам қайраткерлерінің еңбегі еленбей қалды. Солардың ішінде С.Сейфуллин, С.Асфендияров, Т.Рысқұлов, У.Қабылов, С.Мұқановтар бар.

М.Шоқай тұтас Түркістан идеясын ұстанса, Т.Рысқұлов екі ірі империяның ортасында түрік тілді халықтарының конференциясын құрғысы келді. Бірақ оған тоталитарлық жүйе мүмкіндік бермеді. Оның бүкіл түркі жұртына жасаған қызметін саналап өтпей-ақ, кейбір маңызды деген идеялары мен қызметтерін атап өтуді парыз деп білеміз.

Ең бірінші, экономикаға тоқталып кетелік. Ол ең алғашқылардың бірі болып, металды өңдеу туралы, екінші, Жетісу темір жолы, үшінші, Орта экономикалық одаққа сол кездегі Түркістан, Хорезм, Бұхара республикалары мен Түркістан республикасының арасында кедендік одақ құру мәселесін жолға қойған.

1920 жылы Түркістан республикасы мен Қазақстан республикасы арасына экономикалық байланыс орнату жолында қызмет атқарған. Өткен ғасырдың 80-жылдары Т.Рысқұловтың әйелімен «Лениндік саяси бюро мен Сталиндік саяси бюрода жұмыс істеген адамдардың қандай айырмашылығы болды?» - деп сұрағанда, ол кісі: «Ең бірінші: Лениндік саяси бюро мүшелері, Троцкий болсын, Свердлов болсын, Рыков болсын, Дзержинский, Каменев, Куйбышев, Фрунзе, Луначарский, Кржижановский, Чичерин болсын, бұлардың барлығы

мамандар еді. Өмірлік тәжіибесі мол, жан-жақты, теориялық білімі зор, өзіндік пікірі бар азаматтар еді», -деп жауап берген. Ал «Сталиндік бюро құлшылдық, жағымпаздық, бірін-бірі мадақтау, реформаторлық ой-өрісі төмен Ворошилов, Каганович, Молотовтар», -деген [1].

Осы екі бюроның кезінде қызмет атқарған алты алашқа аты әйгілі қазақ азаматтарының бірі де, бірегейі де – Т.Рысқұлов. Ол РСФСР Совпаркомында жүріп, алты Алашты басқарған. Ол саяси қайраткер ретінде көп іс тындырды. Т.Рысқұлов 1919 жылы 11 наурызда Түркістан компартиясы орталық комитеті жанынан Мұсылман бюросын құрды. Аз уақыт ішінде осы бюроның беделі көтеріліп, билігіне елеулі ықпал етті. Түркістан республикасындағы күрделі мәселелер Мұсылман бюросының қарауына қосылып, шешіліп жатты. Ол осында да экономика, мәдениет, қаржы, әскер, тіл, шекара, сот жүйесінен бастап, басқа да өзекті мәселелерді қарап, шешуді қамти бастады. Жергілікті ұлт өкілдерін басшылыққа тартты. Түркістан компартиясы орталық комитетінің орталық комитетін Түркістан атқару комитетін Мұсылман бюросымен санасатын жағдайға жеткізді. Егер, Т.Рысқұлов басшы болмаса, Мұсылман бюросы сондай халықтық билік дәрежесіне жетпес еді. Т.Рысқұлов мұсылмандар мүддесі тұрғысынан қараған-дықтан, сол кездің өзінде-ақ оған «Ұлтшыл», «Панисламшыл» деген айыптау-лар тағылды. Оның ұлтшылдығы езгіге түскен түркі халықтарын қорғап, шын жанашырлық көрсетіп, өз жерлерін билеп, өзгеге есе жібермеуі туралы айтқандығы байқалды.

Т.Рысқұлов қай жерде басшылықта жүрмесін, жауапты орындарға кадрларды жергілікті ұлт өкілдерінен тартып жүрді. Оның Түркістан республикасындағы рөлі мен ықпалы ерекше еді. Ол әр кез халықтық идеяны ұстанған, Т.Рысқұлов – М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, К.Жалелов, М.Әуезов, М.Жұмабаев іспетті Алаш зиялыларын, Ташкент шаһарына шоғырландырып, 1922 жылы желтоқсанда «Талап» атты ғылыми қоғам құрды. 1934 жылы желтоқсанда Қ.И.Сатпаев пен К.Орджоникидзе кездестіріп, Жезқазған мыс кеніне қаржы бөлгізуі – ұлтына, ұлттық интелекцияға қамқорлығының айқын көрінісі. Бекболат есімді кісіні Бай баласы оқып жүр деген арызы ізімен институттан Д.А.Қонаевты шығармақшы болғанда, Т.Рысқұлов А.В.Луначарский арқылы, оны оқуға қайта қабылдатқан, Н.Нұрмақовты ВЦИК-ке орналастырса, С.Мендешев Тұрардың арқасында 1926-1930 жж. Мәскеуде қызмет атқарған. Ж.Досмұхамедов Өзбекстаннан, Қазақстаннан қуылған соң, оны Мәскеуде жұмысқа орналас-тырды. Түркістан университеті медицина факультетінің студенті кезінде Аққағаз Досжановаға шәкіртақы да бергізген. Т.Рысқұлов Геллерді орнынан алып, С.Асфендияровты Түркістан Республикасында денсаулық сақтау министрі етіп тағайындап, М.Жұмабаевты Ташкентке шақыртып, қамқорлығы-на алған. Диваевті зейнетақы баспанамен қамтамасыз еткен, Ташкенттегі абақтыдан шығып келгенде, денсаулығы нашарлаған М.Әуезовты 1932 жылы шипажайға орналастырған. Қырғызстаннан қуылған Қырғызсубпаркомының төрағасы Ж.Абдрахмановты Самара облысында атқару комитетінің орынба-сары, Оренбург облысында ауыл шаруашылық саласын басқаруына дейін себепкер болған. М.Тынышбаевты Қоқан автономиясына жұмысқа орналастыр-ған С.Қожанов екеуі И.В.Сталинге жедел хат жіберіп, Ә.Бөкейхановты абақтыдан босатқызған.[2] Сталинмен келісіп, Нұрмақовты ВЦИК-тегі ұлттар бөлімінің бастығының орнына отырғызса, Бауыржан Момышұлының Ленинградтағы Қаржы акаде-миясында білім теңізінен сусындауына тікелей ықпал еткен. Ш.Айтматовтың әкесі Төреқұлды Т.Рысқұлов қолынан жетектеп жүріп, Ташкентке оқуға түсір-ген. Кейін қырғыздың көрнекті қоғам қайраткері болған, 1938 жылы «Халық жауы» ретінде атылып кеткен Төреқұл Айтматов Т.Рысқұловтың тікелей тәрбиесін көрген шәкірті болған. [3]

Т. Рысқұлов – ұлт-азаттық көтерілісті басқарушы, өзі де оған тікелей қаты-сушы адам. Әулиеата уезін басқарып, қазақтың революциялық жастар ұйымын құруға мұрындық болған. Сталиннің саяси репрессиясына 1923 жылы ең бірін-ші қарсы тұрған адам. Бүкіл көшпелі республикаларда мал шаруашылығын кеңінен дамыту керектігін айтқан. Алайда, 1928 жылы ұсынған тың жерді игеру мәселесі тек 1954 жылы ғана іске асты. Түркістан мемлекетінде қазақ халқы қалыптассын деген игі ниетпен Жетісу облысынан көшіп кеткен адамдарды қайтадан қайтару комиссиясын басқарған. Жеке-дара күрескер ретінде қанаушылықты ол сынды ұлттық саясатты ашық айтып, сынаған Тұрардай күрескер жоқ. Үндістан үшін – Неру,

Түркия үшін – Ататүрік, Қытай үшін – Сунь- Ят Сен қандай болса біз үшін Тұрар да – сондай биік тұлға. Сонымен өткен тарихымызға зер сала қарасақ. Алаш қозғалысының тарихы мен еліміздің бүгінгі арасында өзара байланыс пен сабақтастық бар. Бұл сабақ-тастықтың өзегі – ұлттық мемлекеттік мәселесі. Алашордашылар ұлтжандылық танытып ұлт мүддесін қорғады. Қазақ елінің болашақ тағдыры жолында аянбай күресті. Алаш жетекшілері көрсетіп кеткен бағыт-бағдар еліміздің егеміндік алып, тәуелсіз мемлекет болған кезде де, өз маңызын жоймай, қазақ қоғамын әлемдік өркениетпен ұштастыруға жол сілтеп отырды.

XX ғасыр басында Ө. Бөкейханов бастаған ұлт қайраткерлерінің алаш атын партияға да, үкіметке де беруі тарихқа адалдықтың, сол күнге және болашақ бағдарды анықтаудың жолы.

Қазір біз – азат елміз. Зиялы қауым ұсынысын ескерген Үкімет 2008 жылы «Алаш қозғалысы» туралы арнайы Қаулы қабылдады. Бұл – қуанышты нәрсе, әрине. Бірақ, іс мұнымен бітпек емес. Себебі, қазақта «Тегін білмеген – тексіз» деген сөз бар. Мемлекет басшысының өзі Алаш қайраткерлерінің «Абайдан кейінгі тыныстар», Алаш қозғалысын – «Мемлекетінің бастауы» деп отырса, билік буынындағы жауапты қызметкерлер білім мен мәдениет жүйесіндегі мамандар зиялы, сабырлы іс иесі демократия жолында ұлт тұлғаларының еңбегін лайықты зерделеп, байыптап, насихаттауы тиіс. Ұлттың алдағы жолын осы арқылы өрістетпек. Өз заманының патриоты, тарихи тұлға, қазақ елінің ғана емес жалпы түркі халықтарының азаттығын ойлаған Т.Рысқұлов туралы зерттеулер әлі де жалғаса береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиет айдыны. 2008 ж. 31 маусым
2. Егемен Қазақстан. 2006ж. 26 қараша
3. Ақиқат. 2009 ж. №5. 51-58 бет

ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН – ТӘУЕЛСІЗДІК

Төлеуханова А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: магистр Куребаева Г.А.

Семей қаласы Шәкәрім атындағы МУ

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.»

(Н.Назарбаев)

Тамырын тереңге жайған тарихыма көз жіберер болсам, сананы талай ой тұңғиығына батырып, көкейге талай сұрақтың келетіні рас. Мысалы, «Біз кіміз?», «Жұмыр жер бетінде қашан пайда болдық?», «Қай жерді мекен еттік?», «Тіліміз, мәдениетіміздің деңгейі қандай?».

Біз Өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен сақтан қалған сарқыты, ғұннан қалған жұрнағы, үйсіннің жүріп өткен ізіміз. Біз қазақпыз!

Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы сынға түскен жаугершілік заманда, яғни, 1458 жылы Әбілқайыр хандығынан іргесін бөлген Жәнібек пен Керей сұлтан Моғолстан жеріне Шу бойы мен Қозыбасқа алғаш... Ең алғаш еркіндіктің ақ жалауын тіккен едік.

Он бес отауды біріктірген қара шаңырағымыз 1991 жылы ыдырады. Шығыстан алтын күн нұрын төгіп, еркіндіктің самалы есті. Көңіл көк аспанындағы қасірет бұлты сейіліп, әнші бұлбұл шаттықтың әнін шырқады.